

Г.Ж. Орда

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Алматы, Қазақстан

E-mail: Orda_68@mail.ru

ORCID: 0000-0001-5930-3784

**ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ: ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ ПЕН АҒАРТУ
САЛАСЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР МЕН КӨЗҚАРАСТАР**

Аңдатпа. Мақалада Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі мен шығармашылығы хронология бойынша қарастырылып, әдеби мұрасының өміршендігі тәуелсіздік көзімен бағаланған. Тақырыпты зерттеу барсында қаламгердің ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы, прозасы, драматургиясының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі, прозаға «ақ өлең» үлгісі мен лиризмді, психологизмді алып келгені ғылыми сараланған. Қаламгердің 1915 жылдан бастап шығармашылықпен тыңғылықты айналысқандығы «Сарыарқа», «Абай», «Жас қазақ», «Шаншар», «Жас қайрат», «Ақ жол», «Еңбек туы», «Қазақ тілі», «Ауыл тілі», «Еңбекші қазақ», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет», «Жаршы», «Жас қазақ» тәрізді газет-журналдарда жиі жарияланған көркем шығармаларымен, көпшілік мақалаларымен, ғылыми зерттеу еңбектерімен айшықталған. Мерзімді баспасөз бетінде жарияланған ана тілі, мектеп, оқыту жүйесі, білім мен тәрбие, қоғам өмірі, шаруашылық, кәсіп тәрізді сан алуан тақырыптағы мақалалары қаламгердің қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі ретінде танылған. Тақырыпты зерттеуден туған пайымдаулар педагогика, филология ғылымында өзіндік орны бар танымал жүсіпбектанушы ғалымдардың пікірлерімен тұжырымдалған. Көркем туындылармен бірге «Сабақтың комплекстік жүйесінің әдістері», «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Комплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» тәрізді оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарының, «Психология» еңбегінің бүгінгі таңдағы өзектілігі айқындалған. Балаларға арналған «Жаман тымақ», «Шал мен Кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты ертегі кітапшалары мен 2-сыныпқа арналған «Жаңа ауыл» оқулығының бала танымын қалыптастырудағы рөлі айқындалған.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023-2025 жж. «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» бағдарламасының қаржыландыруы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: поэзия, проза, ақ өлең, лиризм, драматургия, трагедия, көркем аударма, дәстүр сабақтастығы, жаңашылдық.

Г.Ж. Орда

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,

Алматы, Казахстан

E-mail: Orda_68@mail.ru

ORCID: 0000-0001-5930-3784

**Жүсүпбек Аймауытов: исследования и взгляды в области
национальной литературы и образования**

Аннотация. В статье жизнь и творчество Жүсүпбека Аймауытова рассматриваются по хронологии, а жизнеспособность его литературного наследия оценивается с точки зрения сегодняшнего дня. Научно отмечен вклад автора в становление и развитие казахской поэзии, прозы, драматургии начала

XX ыыа, ырынесение в прозу стили «белой поэмы» и лиризма, психологизма. С 1915 года писатель усердно занимается творчеством в произведениях, известен своими художественными произведениями, общественными статьями и научно-исследовательскими работами, опубликованными в таких газетах и журналах, как «Сарыарка», «Абай», «Молодой казах», «Шаншар», «Молодое мужество», «Ак жол», «Енбек туй», «Казахский язык», «Деревенский язык», «Енбекши казах», «Женское равенство», «Новая школа», «Новая литература», «Жарши», «Молодой казах». Публикуемые на страницах периодической печати статьи на различные темы, такие как родной язык, школа, система образования, образование и воспитание, общественная жизнь, экономика, профессия, признаются вкладом писателя в становление и развитие казахстанской прессы. Выводы, рождающиеся в результате изучения темы, сформулированы с учетом мнений известных юсупбековедов, имеющих свое место в науке педагогики и филологии. Вместе с художественными произведениями созданы учебники и учебно-методические пособия, такие как «Методика комплексной системы уроков», «Руководство по образованию», «Психология», «Система души и художественный отбор», «Способы комплексного обучения», «Жана ауыл», «Психология» определяется ее актуальность. Определена роль детских книг-сказок «Плохая девчонка», «Старик», «Синий бык», «Три девочки» и учебника «Жана ауыл» для 2 класса в формировании знаний детей.

Благодарности: Статья опубликована Научным комитетом Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в 2023-2025 годах. Издано на основе финансирования программы «Казахстанское литературоведение и искусствоведение в рамках концептуальной эволюции мирового гуманитарного образования».

Ключевые слова: поэзия, проза, проза со стихами, лиризм, драма, трагедия, художественный перевод, преемственность традиции, новаторство.

G.Zh. Orda

M.O. Auezov Institute of Literature and Art

Almaty, Kazakhstan

E-mail: Orda_68@mail.ru

ORCID: 0000-0001-5930-3784

Jusupbek Aimauly: research and perspectives in the field of national literature and education

Abstract. In the article, the life and work of Zhusipbek Aimauly are examined chronologically, and the viability of his literary heritage is assessed from the point of view of today. The author's contribution to the formation and development of Kazakh poetry, prose, drama of the early 20th century, the introduction of the "white poem" style, lyricism, and psychologism into prose has been scientifically noted. Since 1915, the writer has been diligently engaged in creativity in works, known for his works of art, public articles and research works published in such newspapers and magazines as "Saryarka", "Abai", "Young Kazakh", "Shanshar", "Molodoye" courage», «Ak Zhol», «Enbek Tui», «Kazakh language», «Village language», «Enbekshi Kazakh», «Women's equality», «New school», «New literature», «Zharshi», «Young Kazakh». Articles published on the pages of periodicals on various topics, such as the native language, school, education system, education and upbringing, social life, economics, profession, are recognized as the writer's contribution to the formation and development of the Kazakh press. The conclusions arising from the study of the topic are formulated taking into account the opinions of well-known jussbekov scholars who have their place in the science of pedagogy and philology. Along with works of art, textbooks and teaching aids have been created, such as "Methodology of a comprehensive system of lessons", "Guide to education", "Psychology", "System of the soul and artistic selection", "Methods of integrated teaching", "Zhana aul", «Psychology» is determined by its relevance. The role of children's fairy tale books "Bad Girl", "Old Man", "Blue Bull", "Three Girls" and the textbook "Zhana aul" for grade 2 in the formation of children's knowledge has been determined.

Acknowledgments: The article was published by the Scientific Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan in 2023-2025. Published on the basis of funding from

the program "Kazakh literary and art criticism within the framework of the conceptual evolution of world humanitarian education."

Keywords: poetry, prose, prose and verses, lyricism, drama, tragedy, artistic translation, tradition, innovation.

1. Кіріспе

Жүсіпбек Аймауытұлы тұрмыс жағдайымен үзіп-жұлып оқып, ара-тұра ауылда мұғалімдік қызмет атқара жүріп, біраз білім алады. Соны жалғастыру мақсатымен 1914 жылы Семейге барып мұғалімдер семинариясына түседі. 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде шыққан «Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!», «Азық-түлік жайы», «Партия», «Алаш» газетіндегі «Қазақтың өзгеше мінездері» мақалары семинарист Жүсіпбектің көсемсөзге еркін араласып, ел өмірінің әртүрлі мәселелерін көтере бастағанын байқатады. Семинарияда оқып жүргенде Қ.Сәтпаев, М.Әуезовтармен танысып, 1918 жылы Мұхтармен бірге «Абай» журналын шығарысқан. 1918 жылдың 4-ақпанында шыққан журналдың №1 санындағы «Журнал туралы» деген бас мақаланы Ж.Аймауытұлы жазған. Журналдың келесі сандарында Мұхтар мен Жүсіпбек «Екеу» деген бүркеншек атпен «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан кейінгі ақындар» мақалаларын жариялады. Бұл мақалалар сол тұстағы абайтануға қосылған алғашқы дүниелер еді. Олар кейінгі жылдары осы бүркеншек атпен көптеген мақалалар жазды. 1926 жылғы «Еңбекші қазақ» газетіндегі «Көркем әдебиет туралы» мақала сол тұстағы баспа бетінде айтысқа айналған мәселенің тоқтауына себепкер болғаны тарихтан белгілі. Осы журналда жарияланған «Қуаныш құтты болсын!», «Әдебиет», «Оқытушы (мұғалім) туралы», «Қазіргі саяси хал», «Қазір екі нәрсе керек», «Уақ қарыз серіктігі», «Ұлтты сүйю» мақалалары оны публицист (көсемсөзші) ретінде танытты. 1919 жылы семинарияның толық курсын (5 класс) бітіріп, бастауыш училищелерге оқытушы деген куәлік алған соң, кеңес өкіметінің жұмысына араласады. Семей губерниялық атқару комитетінде, «Кедей таңы» газетінде жұмыс істейді. 1920 жылы Орынборға ауысып, Қазақстан автономиясын жариялаған құрылтайға қатысады. 1920-1921 Қазақ АКСР оқу халық Комиссариатында бөлім бастығы, алқа мүшесі, орынбасар қызметтерін атқарды. 1921-1922 жылдары Семейге қайтып, губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы болды. Бұдан кейінгі өмірі мұғалімдік қызметпен өткен, 1922-1923 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1923-1924 жылдары Орынбордағы Халық ағарту институтында, 1924-1925 жылдары Ташкент халық ағарту институтында, «Ақ жол» газетінде бөлім бастығы, 1925-1926 жылдары Орынбор әскери мектебінде, 1926-1929 жылдары әр түрлі оқу орындарында сабақ беріп, Шымкент педагогикалық техникумында директор қызметін атқарған. 1929 жылы Қазақстанның астанасы Қызылордаға барып, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде қызмет істей бастағанда, «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысты» деген жалған айыппен 1929 жылдың 14 мамырында тұтқындалып, 1931 жылы 21 сәуірде түрмеде атылған.

Сол тұстағы саяси жағдайға байланысты бір жерде ұзақ тұрақтай алмағанмен, шығармашылық жұмыспен тыңғылықты айналысқанына артында қалған әдеби мұралары куә. 1915 жылы алғаш баспа бетін көрген «Баяғы жұт Қоянда» өлеңінен

бастап, өлеңдері мен әңгімелері, мақалалары мен фельетондары «Сарыарқа», «Абай», «Жас қазақ», «Шаншар», «Жас қайрат», «Ақ жол», «Еңбек туы», «Қазақ тілі», «Ауыл тілі», «Еңбекші қазақ», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет», «Жаршы», «Жас қазақ» тәрізді газет-журналдарда жиі жарияланды.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланың гипотезасы Жүсіпбек Аймауытұлы мұрасының бүгінгі таңдағы өзектілігі болып табылады. Тақырыпты зерттеуде жүйелеу, жинақтау, салыстыру, құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Қаламгердің көркем шығармаларына шолу жасау барысында оның қазақ поэзиясына алып келген мазмұндық, түрлік жаңалықтары ғылыми сараланды. Мәтіндік, түрлік талдау жасауда жазушының қазақ прозасына лиризм, психологизм, «ақ өлең» үлгісін алып келуі салыстырмалы зерттеулермен түйінделді.

2.2 Материалға сипаттама

Жазушының өмірі мен шығармашылығы хронологиялық ізбен қарастырылып, прозалық, поэзиялық, драмалық шығармаларына әдеби талдау жасалды. Әдіскер ғалымның оқулықтары мен оқу әдістемелік құралдарының өзектілігіне, қазақ баспасөзі мен көсемсөзіне қосқан үлесіне сипаттама берілді.

Тақырыпты зерттеуде 2013 жылы «Ел-шежірее» баспасынан жарық көрген Жүсіпбек Аймауытұлының алты томдық таңдамалы шығармалар жинағы және оның шығармалары туралы жазылған жүсіпбектанушы педагогика ғылымдарының докторы Қ.Жарықбаев, өнертанушы Б.Құндақбаев, әдебиеттанушы С.Қирабаев, Б.Байғалиев, А.Исмакова, Л.Мекебаева, Ч.Берсигурова тәрізді ғалымдардың зерттеу еңбектері негізге алынды.

3. Талқылануы

Ж.Аймауытұлының ұлттық әдебиетке қосқан үлкен еңбегі – қазақ поэзиясын қалыптастыруы мен дамытуы. Ақынның «Жазушыларға», «Не қып жатыр?», «Отағасы», «Ха-ха-ха-хау», «Ұршық», «Көшу», «Ұран», «Еңбекшілдер ұраны», «Жас әскер», «Жас көсемдер марышы», «Жаман тымақ», «Әскер марсельезасы», «Баяғы жұт Қоянда», «Оқу, білім», «Кет надандық ескі зат», «Тар ғылым», «Кет, надандық, ескі әдет», т.б. өлеңдерінің ішінен қазақ поэзиясынан өзіндік орны бар өлеңдерін ерекше атауға болады. «Ұран» 1918 жылы Семейде құрылған Алашорда партиясын құттықтау мақсатында жазылған. Патшаның тақтан құлауы, Алашорданың келуі қазақ халқына үлкен қуаныш сыйлады. Мал бағып тыныш жатқан момын халықтың қаны, тілі, діні жат елден көп қорлық көргенін айта келіп халқын:

Қазағым, қақтықпа, қамалма!

Ел болар қамыңды амалда!

Кетті түн, атып таң, шығып күн

Сал малды, сал жанды аянба! – деп елді ынтымаққа, бірлікке шақырады (Аймауытов, 2013, Т.1: 446).

«Жазушыларға» өлеңінде жазушылар не жазу керектігіне көңіл аударып, оларға ынсап, ұят, адалдық, тұрақтылық тәрізді адамшылық қасиеттерді ұсынса, «Не қып жатыр?» өлеңінде ХХ ғасыр басындағы ел өмірінен хабар беріп, қазақ жастарының

медресе, мектептерде білім алып, инженер, агроном, адвокат, дәрігер тәрізді мамандықтарды игере бастағанын көңілге медет етеді.

Ахметтанушы түрік ғалымы Н.Бірай Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің тілі мен стилі туралы сөз еткенде, ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясының көркемдік ізденістерін тілге тиек етеді (Biray, 2011: 446). Осындай мазмұн мен түрге қатысты көркемдік ізденістерді Ж.Аймауытұлының поэзиясынан да келтіруге болады. Мәселен, Жүсіпбек аударған «Еңбекшілер ұраны» («Интернационал»), «Жас әскер» («Молодая гвардия»), «Жас көсемдер маршы» тәрізді өлеңдерінде өршілдік рух басым болса, 1918 жылы Алаш Орда құрылғанда оған өлеңмен құттықтау жолдаған ақынның «Ұран», «Әскер марсельезасы» Алаштың ән ұраны ретінде жазылған.

Оның ұлттық әдебиетке қосқан келесі еңбегі – прозалық туындылары. Жазушының шағын жанрдағы әңгімелері, «Қартқожа» (1926), «Ақбілек» (1927) романдары мен «Күнікейдің жазығы» (1928) повесі – дәуір сұранысынан туған дүниелер. Алғашқы «Шажамай», «Кенжем атты», «Бетім-ау, құдағи ғой!» әңгімелері 1918 жылы «Абай» журналында жарияланғанмен, дені 1920 жылдардың ішінде жарық көрді. Олар «Қызыл Қазақстан», «Ақ жол», «Қазақ тілі», «Ауыл тілі», «Еңбекші қазақ», «Жас қазақ» газеттері мен «Лениншіл жас», «Ақ жол» газетінің жанынан шыққан «Сәуле» журналында басылды.

Жазушы «Елес», «Жаңабайдың жанындағы трагедия», «Тұмарбай мен қатыны», «Боранды болжағыш әулие» (барометр), «Баушы мен бала», «Қара бақсы», «Жол үстінде», «Жидебайдың баяндамасы», «Әнші», «Алып ұйқы», «Бетім-ау, құдағи ғой», «Өмір деген осы ма?», «Мысыққа ойын, тышқанға өлім», «Оралдан поезд өткенде», «Қойшы тастамақ», «Жаңа өмірге аяқ басты», «Жеті азбан», «Көшпелі Көжебай» тәрізді әңгімелерінде ел өміріндегі әр алуан тақырыптарды арқау етті. Шағын жанрдағы туындылары жөнінде зерттеуші Б.Байғалиев: «Жазушы әңгімелері – ел тұрмысын, заман тынысын дәл танып, шынайы суреттеп, көркем бейнелей алған құнды дүниелер», – деген болатын (Байғалиев, 1989: 178).

Патшаның тақтан құлауы, жаңа өкіметтің орнауы, Алаш Орданың құрылуы ХХ ғасыр басындағы аумалы-төкпелі жайдан хабар береді. «Қартқожа» романының кейіпкері ғасыр басындағы түрлі қақтығыстарды көре жүріп ой түйеді. Қазақ халқы сауатты болмаса тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кететінін Қартқожа түсінді. Тығырықтан шығар жол іздеді, оны тапты да. Ол – білім-ғылым жолы еді. Қартқожа алаш арыстарының жиынтық бейнесі болса, 1967-жылы Америка құрама штаты Нью-Йоркте жарық көрген «Central Asia a Century of Russian Rule» атты ғылыми-зерттеуде Орта Азия халықтарының ішінде қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы дамуы туралы толыққанды мәлімет берілген. Сол еңбекте қазақ әдебиетінің дамуы жоғары бағаланған болса, ұлттық әдебиетті озық үлгідегі әлемдік деңгейге көтерген қаламгерлердің көркем шығармалары еді (Эдвард, 1967: 176). Оған жазушы романдарынан бір-ер мысал келтіруге болады.

ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарында қазақ әдебиеті негізгі үш жанрдың аясында бірдей дамыды. Қазақ әдебиеті мазмұн мен түр жағынан байып, әр жанрдың мамандары қалыптасты. Бұл жылдары Жүсіпбек көсемсөзден прозаға қарай ойысты. Оның «Қартқожа», «Ақбілек» романдары – эпикалық жанрды терең меңгергенінің

мысалы. Бұл шығармалар – ғасыр басындағы қазақ өмірінен толық мәлімет беретін туындылар. Ел ішінде Қартқожа куә болған оқиғалар жазушының «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы» туындыларында жалғасын тапты. Осы ойымызды аталған шығармалар жөніндегі жүсіпбектанушы С.Қирабаевтың: «Жүсіпбектің «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы» сияқты көлемді прозалық туындыларының кейіпкерлері – әлеуметтік арпалыстар кезінде тулаған толқынның үстінде өзіне жол тауып, жаңа өмірді жасауға ұмтылған жаңа қаһармандардың алғашқы үлгілері», – деген пікірі растайды (Қирабаев, 1995: 143).

Азамат соғысы тұсындағы ақ патша әскерінің қазақ ауылдарын тонауы, жазықсыз жандарды жәбірлеуі, қыз-келіншектерді қорлауы, қарсы болғандардың оққа ұшуы – өмірден алынған шындық. Жазушы ел өміріндегі осындай қасіреттерді Ақбілек трагедиясымен суреттеді. Қызын қонағындай сыйлаған қазақ халқы қыздарының абыройын ауыл-аймақ болып қорғаған. Бойжеткен қызын қызғыштай қорғаған бәйбішенің қамшымен 25 дүре соққанда да қызын тауып бермей, адам қолынан қастандықпен қаза табуы – үлкен қасірет. Ел сыйлаған Мамырбайдай ақсақалдың бәйбішесін өлтіріп, оң жақта отырған бойжеткен қызын ақ офицерлерінің күштеп тартып алып кетуі – сүйекке түскен таңба. Бұл – тек Ақбілектің емес, күллі қазақ халқының басына түкен қасірет еді. Ақбілектің орыс офицерінің ермегіне айналуы – бір қыздың емес, қазақ ұлтының трагедиясы ретінде бейнеленген. Қартқожа тәрізді Ақбілектің де білімге ұмтылуы, Балташпен отасуы, олардың келісті тұрмыс кешуі – жаңа заманмен келген жетістік ретінде танылған. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары ұлттық әдебиет оқыған қазақ қыздарының бейнесімен толыққаны жөнінде Г.Орда және басқа ғалымдар «Қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің трансформациялануы» деген мақаласында кеңірек тоқталған болатын (Orda, 2021: 653-668).

Әдебиеттанушы А. Исмакова ұлттық әдебиеттегі реализмнің өзі лирика жанрының ықпалында дамығанын айта келіп, жазушы романдарындағы лиризмге көңіл аударса (Исмакова, 1998: 228-229), оған романдан көптеген мысалдар келтіруге болады. Ақбілектің басынан өткен қилы тағдыр XX ғасыр басындағы қазақ өмірінің тарихынан сыр шертеді. Мұқаштың Ақбілекті орыстарға шығарып беруінің астарында рушылдық-феодалдық ортадағы жікшілдік тартыстар жатыр. Мамырбай, Ақбілек, Төлеген, Өрік, Ұрқия, Бекболат, Қара мұрт, Мұқаш, Балташ – бәрі де өмірден алынған шынайы кейіпкерлер. Әр кейіпкердің мақсат-мүдделері, арман-тілектері олардың қилы тағдырлары арқылы бейнеленген. Осы ойымызды Л.Мекебаеваның мына пікірі толықтырады: «Ж. Аймауытұлының шығармаларында көркемдік салмақ артылмаған, жалт етіп бір көрініп, жоқ болып кететін кездейсоқ кейіпкер жоқ. Оның кейіпкерлерінің қай-қайсысы да мінез алуандылығымен басқалардан ерекшеленіп, яғни, характер деңгейіне дейін көтерілген көркем тұлға ретінде жан-жақты бейнеленіп, шығармада бар болмысымен шынайы суреттелген көркем образдар болып келеді» (Мекебаева, 2022: 21-22). Жазушы жекелеген кейіпкерлерін типтік бейнеге көтеру арқылы сол дәуірдің көркем шежіресін жасады. XX ғасыр басында қалаға барып білім алып, қоғам өміріне араласқан қазақ қыздары саусақпен санарлық болса, солардың бірі – Ақбілек. «Заман оқығандікі ғой!» деп түсінген ол,

алдағы уақытта алған білімін қазақ балаларына беруге дайын екенін жазушы нақты сюжетпен суреттеген.

Жазушы прозасының негізгі ерекшелігі – ақ өлең үлгісі. Қазақтың бір топ жазушылары ақ өлең үлгісімен жазғаны тарихтан мәлім. «Ақбілек» романында жазушы Марқакөлі былай таныстырады: «Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлі алқалаған, ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – алтай жазы тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлінің самалына сайран етіп жатқаны. Марқакөлінің суы балдай...» (Аймауытұлы, 2013: 4). Жазушы кез келген прозалық шығармаларында осылайша ақ өлең үлгісімен жазды. Жүсіпбектің «Қара бақсы» әңгімесіндегі қайталау, ырғақ, ұйқастар жөнінде Ч.Берсигурова: «Ақ өлең үлгісі тек қазақтың классикалық қорын молайтып қана қоймай, сонымен бірге қазақтың прозасына да кең ықпалын тигізуде. Ақ өлең дәстүрі ретінде қазақ прозасындағы Мұхтар Әуезов, Оралхан Бөкеев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатов, т.б. қаламгерлердің шығармашылығында кең үрдіс алды», – деген болатын (Берсигурова, 2014: 207-208). Ғалым жазушының бір әңгімесі жөнінде айтқанмен, ақ өлең үлгісі оның стильдік ерекшелігі ретінде танылды.

«Күнікейдің жазығы» повесінің оқиғасы да ел өмірінен алынды. Күнікей де Қартқожа, Ақбілектер тәрізді бас бостандығы үшін күрескен қазақ қыздарының жиынтық бейнесі. Жүсіпбектің қаһармандары – жаңа заманның күрескерлері. Жазушы прозалық туындыларында ел өміріндегі өзекті мәселелерді көтерді. Ақ патшаның қазақ халқына жүргізген отарлау саясатына қарсы күрес, патша әскерінің қазақтарды тонауы, жәбірлеуі, қорлауы, малға сатылған қазақ қыздарының бас бостандығын іздеуі, азаттық теңдік іздеген қыздардың талпынысы, қазақ жастарының оқу-білімге бет бұруын көркем бейнелеген шығармалар қатары өсті. Осы ойымызды фольклортанушы ғалымдардың: «Алаш қаламгерлері өздерінің көркем шығармаларында да жаңа заманға тән кейіпкер сомдау мен оқиғаны беруде фольклор поэтикасының мол байлығын шығармашылықпен пайдаланудың үлгісін көрсете білді», – деген пікірі толықтырады (Жақан, 2023: 114). Жазушының фольклорды шығармашылықпен игерудегі фольклорлық сана, фольклорлық поэтика мәселелері «Ақбілек» романы, «Күнікейдің жазығы» повесі, «Әнші» әңгімесінде анық байқалады.

Жазушы шығармаларына тән келесі стильдік ерекшелік – психологизм. Адам жанының қуаныш, күйініш сезімдеріне терең үңілу, олардың жандүниесіндегі арпалыс сезімдерін ашып беруде жазушы жетістікке жетті. Оны Қортқожа, Ақбілек, Күнікей тәрізді негізгі кейіпкерлер бойындағы сезім күйлерінен көруге болады. Ол Ақбілектің мына күйінен: «Бірақ өзін-өзі қалай жұбатса да, жүрегінің басында түйіртпектеліп, бір зілді нәрсе жатыр; ол түйіртпек арқандаған аттай, қуаныштың құлашын жаздырмайды; бер жағы бұған да шүкіршілік еткісі келсе, ар жағы бұлт құрсаған күндей жадырамайды. Езуі ғана жымыған болады, бет-аузы, көзі күлмейді, ілгіштеніп жібермейді», – анық байқалады (Аймауытов, 2013, Т.2: 54). Адамның жандүниесінде арпалыс сезімдерінен оның хал жағдайын білуге болады. Жоғарыдағы үзіндеден Ақбілектің шерменде күйін жазбай тануға мүмкіндік мол.

Роман соңында араға бес жыл уақыт салып Балташ екеуі ауылға келген Ақбілектің бір кезде бас тартқан Искендірін көргендегі бақыттан басы айналған сәтін жазушы былай суреттейді: «Марқакөлдің жиегінде Мамырбайдың Ақбілегі, жас Балташтың сүйген жары Искендірін құшып, сүйіп, бала болып, ана болып, көп әйелден дана болып, кеудесіне бағы сыймай, кемерінен аса шыпылдайды» (Аймауытов, 2013, Т.2: 230). Міне осылайша адам бойындағы түрлі сезім күйлеріне терең үңілген жазушы оларды боямасыз бере білді. Бұл – адам жанының инженеріне айналған Жүсіпбектің психологизмді игерудегі шеберлігі еді. Мұндай мысалдарды кейіпкерлердің монологу, сөйлеген сөздері, диалогы, істеген істерінен де көруге болады. Жазушы стилінің осы ерекшелігі жөнінде педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Жарықбаев: «Жүсіпбек жазбаларында адамның көңіл күйі, сүйсінуі мен ләззаты, жек көруі жіпке тізген асықтай, айшықты сөздермен, азап шегуі, бүткіл жан дүниесіндегі ерекшелігін берумен қатар айтайын деген ойын тебірене, майын тамыза жазады», – деген болатын (Жарықбаев, 2013: 366).

1920 жылы қазақ жастарының ұйымдастырған «Ес – аймақ» труппасында Ж.Аймауытұлының «Рәбиға», «Қанапия – Шәрбану», «Жебір болыс», «Шернияз», «Сылаң қыз» пьесалары қойылды. XX ғасыр басындағы ел өміріндегі өзекті тақырыптың бірі – әйел теңдігі болса, «Рәбиға» атты бір перделі драмасының аты айтып тұрғандай, 19 жастағы жас келіншектің 55-тегі қойшыға қалың малға сатылуы арқау болған. Мұндағы тартыс Рәбиғаның қойшы шалға күштеп атастырылуына келіп тіреледі.

1915 жылы 13 ақпанда Семейде үлкен ойын-сауық ұйымдастырылып, Біржан мен Сара айтысының сахналануы – қазақ даласына тың серпін алып келді. Ол жөнінде өнертанушы Б.Құндақбайұлы былай дейді: «Айтыстың сахналық жүйесін (инсценировка) түсіріп, әрі оны сахнаға қойған режиссер семинарияның оқушысы – Жүсіпбек Аймауытов. Жасынан зерек, оқу мен білімге, өнерге құштар Ж.Аймауытовтың 1915 жылы осылай европалық үлгіде спектакль қоюды қолға алып, әрі соның режиссері болуы – қазақ топырағында бұрын-соңды болмаған сахналық өнердің тууына ерекше ықпал жасады. Осы спектакльде Біржанның ролін орындаған оның әрі әнші, әрі домбырашы, әрі тамаша актерлік қабілеті бар бесаспап өнерпаз екендігі де «Айқапта» жоғары бағаланған» (Құндақбайұлы, 2004, 8). Сонымен бірге Жүсіпбектің ұлттық театрдың қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін ғылыми саралауда театр өнерінің арғы-бергі тарихын зерттеген ғалым еңбектерінде 1926-1930 жылдары Ж.Аймауытов, С.Тоқымбаев, Ж.Шанин, С.Садуақасовтардың қазақ театрын ашуда көп еңбек еткені, әдеби байқаулар жариялап, қаламгерлердің драмалық шығармалар жазғаны, Қызылорда қаласына өнер иелерін жинап, сахна шеберлерін дайындағаны туралы айтылған.

«Мансапқорлар» атты екі перделі драмасы Қасқырбай болыс пен Мүсілім атты тілмашының арасындағы тартысқа құрылған. Бір қызығы мұндағы тартыс ашық жүрмейді. Қасқырбай мен Мүсілім бір-бірімен жасырын түрде айкасады. Мүсілім билік, мансап жолында бәрін құрбан ете білетін пысықай жігіт. Өзінің жамағайыны Қасқырбай болысқа жасырын ор қазу оның бейнесін толықтыруға қызмет етеді. Драматург сахнаға өмірде пісуі жеткен, шарықтау шегіне шыққан тартысты алып келген.

«Қанапия – Шәрбану» атты төрт перделі драмасына 12 кейіпкер қатысқанмен негізгі оқиға бас кейіпкерлердің төңірегінде өрбиді. Ұмсынайдың: «Көрінде өкіргір Мекалай, көрмегенді көрсеттің ғой. Ноғайлар солдатқа барады деп естуші едік.

«Құлақ естігенді көз көреді» деген осы. Қазақтан солдат алмайды дейтіні қайда? Қане, алмағаны?», – деген күрсінісімен басталған пьесаға 1916 жылғы маусым жарлығынан кейінгі тұстағы ел ішіндегі ахуал арқау болған. Бұл шығармада 1916 жылғы қазақтан майданға адам алу, қазақ қыздарының теңдігі сынды мәселелер көтерілген. Драмалық шығармалардың шынайылығы жөнінде өнертанушы ғалымдар: «Қай дәуірде жазылған пьесаны алып талдасақ та, оның көркемдік құндылығын, жазу стилі мен ондағы қолданылған драматургиялық тәсілдерін анықтау үшін ондағы болып жатқан оқиғалардың шындыққа қаншалықты жанасымды екеніне көп назар аударуымыз керек» деген болатын (Мұратқызы, 2023: 300). Осы пікірге сүйенетін болсақ, Жүсіпбектің кез келген туындысы өмірден алынғандығымен баурайды.

20-жылдардан кейін жазылған «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» пьесаларында сол тұстағы ел ішіндегі әртүрлі мәселелерді көтерді. «Ел қорғаны» пьесасына қызыл әскерден қашқан ақ патша жандайшаптарының қазақ ауылдарына салған лаңы негіз болған. Бұл – ауыл қазақтарының жан-жақтан сүліктей сорған патша мен оның әкімшіл-әміршіл жүйесінен титықтып тұралап қалған шағы еді. «Сылаң қыз» пьесасына Жабағы байдың қызы Батиманың өмірі арқау болған. Бір үйдің бұла өскен қызына сол ауылдың оқыған жігіті Хакімнің, жас ақын Нұрмаштың, мұғалім Әбутәліптің бірдей сөз салуы, Батиманың олардың бәрін емексітіп жүруі бір сәтте әшкере болады. Үйде оңаша қалған қызға бірінен кейін бірі келген жігіттердің жасырынып жатқан жерінен әкесінің қолына түсуі тек қыздың ғана емес, әкесінің дүниесін көздеген пысықай жігіттердің де ниет-пиғылын ашуға қызмет етеді. Драматург «Шернияз» пьесасында Шернияз басындағы психологиялық күйге үңіле отырып, Сұлтанмахмұттың мезгілсіз қаза болуының себебін іздеді. Бұл – оқыған қазақ жастарының көркем бейнесін жасаған туынды.

Қазақ театрын ашуға белсене атсалысқан Ж.Аймауытұлы қаламынан ХХ ғасыр басындағы ел өмірінің әртүрлі оқиғаларын арқау еткен бірнеше пьеса туды. А.С.Пушкиннің «Тас мейман», «Сараң» атты шағын трагедиялары мен Н.В.Гогольдің «Ревизорын» қазақшаға «Бақылаушы» деген атпен аударуда тәжірибе жинақтаған ол драматургия жанрын жап-жақсы игеріп қалғандығын көрсетті. 1916-1917 жылдары «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия – Шәрбану» пьесаларын жазса, 1920-1925 жылдары «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» пьесаларын ұсынды. Ж.Аймауытұлының қаламынан туған пьесалардың әрқайсысы әртүрлі тақырыпты көтерді. Себебі, олар – сол тұстағы ел өмірінің өзекті мәселелері еді.

Ж.Аймауытұлы қазақ көсемсөзінің қалыптасуы мен дамуына да өлшеусіз үлес қосты. Оның мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалаларын өз ішінен іріктейтін болсақ, көркем шығарма туралы «Абайдың өнері хәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар», «Театр кітабы туралы», «Мағжанның ақындығы туралы», «Әдебиет мәселесі», «Көркем әдебиетті саралау», «Әдебиет мұралары», «Көркем әдебиет туралы» мақалалары күні бүгінге дейін өзекті. Емле туралы «Емлени өзгертуге жоба», «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба», ана тілі туралы «Ана тілін қалай

оқыту керек?», «Қазақ тілін іске асыру қамы», мектеп туралы «Мектеп қандай болу керек?», «Енді болыстық мектеп жайынан», «Үлгілі мектеп», «Жастардың тәрбиетәлімі», «Жаңа мектеп туралы», «Хат таныту әдістері» және басқа ел өміріндегі көптеген өзекті мәселелерді дер шағында көтере білді.

Осындай көркем туындылар, көсемсөздерімен бірге «Сабақтың комплекстік жүйесінің әдістері», «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Комплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» тәрізді бірнеше оқулық, оқу-әдістемелік құралдар жазып, оқу-ағарту саласында қыруар шаруа атқарды. Қазіргі таңда оқып жүрген «Психология» пәні мен оқу-әдістемелік құралдардың бастауында Жүсіпбектің де есімі аталары даусыз.

«Тәрбиеге жетекші» – 4 жылдық, 7 жылдық мектеп мұғалімдеріне арналған оқу әдістемелік еңбек. Төрт бөлімнен тұратын еңбектің бірінші бөлімінде бала тәрбиелейтін мұғалімдердің алдына қойған мақсаты анық, айқын болуын айта келіп, тәрбиенің негізгі мақсаттарын ашып көрсетеді. Екінші бөлімде дидактика туралы кең мағлұмат бере отырып, мұғалімдерге арналған оқу әдістемелік еңбектердегі оқытудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерінен хабар берген. Үшінші бөлімде мектепті басқару, мектеп салу, тазалық, саулық сақтау, тәртіп орнату туралы мәселелер қарастырылса, төртінші бөлімде бала оқытудағы ескі әдіс-тәсілдерді жаңа әдіс-тәсілдермен салыстыра отырып, жаңашылдыққа бұрылу керектігін жаңа пікірлермен, жаңа әдістермен түсіндіреді (Аймауытов, 2013, Т.4: 5).

«Жаңа ауыл» оқулығы «Жаз-күз», «Қыс», «Жазғытұры» деген негізгі үші бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 62, екінші бөлімде 138, үшінші бөлімде 79 мәтін, жалпы 279 мәтін қамтылған. Бір сабақта бір, немесе бірнеше мәтінді керегіне қарай пайдаланған. Әр сабақтан кейін балаларға тапсырмалар беріліп, оларға кейбір өлеңдерді жағтату арқылы тілдерін дамытуға көңіл бөлген. Оқулықтың беташары ретінде Ж.Аймауытұлының «Оқу, білім» өлеңі берілген:

Оқу, білім –
жанған шырақ,
ойласаң,

Үйренерсің,
іздеп көрсең,
қажымасаң.
Қу өнерді,
бу белінді,
жігер сал!
Пайда аларсың,
қаужанарсың,
тоймасаң (Аймауытов, 2013, Т.5: 181).

Бұл үрдіс Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясындағы» «Кел, балалар оқылық» өлеңін еске салады. Автор оқу-әдістемесіндегі өзіне дейін жазылған еңбектерге сүйене отырып, балаларға жүйелі түрде жұмыс жасатуды көздеген. Алғашқы сабақтарда мектеп, тәртіп, тазалық туралы түсініктер берілсе, олар қарапайымнан күрделіге қарай дамып отырған. Кейінгі тапсырмалар қоршаған

орта, табиғат құбылыстары, жыл мезгілдері, жаратылыс, шаруашылық, мал шаруашылығы, өнер, өндіріс, кәсіп, қоғамдық орта тәрізді түрлі тақырыптармен толыққан. Оқулықта берілген мәтіндердің көпшілігі мерзімді басылым беттерінен және ақын-жазушылардың шығармаларынан алынған.

Сонымен бірге ол әлем классикасынан өзіне ұнайтын Джек Лондон, Ги Де Мопасан, Рабиндранат Тагор, А.Дюма, К.Беркович, А.С.Пушкин, С.Чуйков, М.Горький тәрізді ақын-жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде сөйлетіп, көркем аудармаға да үлес қосты.

4. Зерттеу нәтижесі

Жүсіпбек Аймауытұлы – ұлттық поэзия, проза, драматургия жанрларының қалыптасуы мен дамуына қыруар үлес қосқан қаламгер. «Ұран», «Әскер марсельезасы» өлеңдері кезінде Алаштың ән ұраны қызметін атқарса, «Ақбілек», «Қартқожа» – қазақ романын классикалық дәрежеге көтерген эпикалық туынды. Ол – қазақ театр өнерін ашуға өлшеусіз үлес қосқан драматург. Оның Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия – Шәрбану» пьесаларын жазса, «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылаң қыз» пьесалары – қазақ драматургиясы мен театр өнерін биік белеске көтерген туындылар болса, қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді дер шағында көтеріп, оны шешудің жолын қарастырған көсемсөздері – қазақ журналистикасына қосылған үлес.

Әдіскер-ғалымның «Сабақтың комплекстік жүйесінің әдістері», «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Комплекспен оқыту жолдары» еңбектері оқу-білім саласындағы жаңаша ізденістер ретінде танылады. XX ғасыр басында Ыбырай негізін салған орыс-қазақ мектептерінің оқулықтары жаңа әдіс-тәсілдермен толықтырылып, бастауыш сыныпқа, орта сыныпқа арналған оқулық ретінде жазыла бастады. Сонымен бірге ол – оқушыларға білім беретін мұғалімдерге арнап жазылған алғашқы оқу-әдістемелік еңбектердің негізін қалаушылардың бірі.

Ағартушының мектеп жасындағы балалар мен оларға білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған оқулықтары мен оқу әдістемелерінің жазылғанына бір ғасыр болса да күні бүгінге дейін өзекті болып табылады. Себебі, оның балаларға арналған «Жаман тымақ», «Шал мен Кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты ертегі кітапшалары – түрлі-түсті суретті кітапшалардың алғашқы үлгілері ретінде танылса, 2-сыныпқа арналған «Жаңа ауыл» оқулығы бала танымын қалыптастыратын суреттердің көптеп берілуімен ерекшеленеді. Аталған оқулықтардың тәрбиелік, танымдық, эстетикалық қырлары толықтай өзекті. Автор аталған еңбектерді жазуда оқу саласындағы өзіне дейінгі әдіскерлердің еңбектеріне сүйене отырып, оқу бағдарламасына сай тапсырмалар ұсынған.

5. Қорытынды

Жоғарыда сөз болған туындылардан Жүсіпбек Аймауытұлының қазақ мәдениеті мен өркениетіне өлшеусіз үлес қосқаны байқалады. Ол – ұлттық поэзия, проза, драматургия жанрлары мен көсемсөз, журналистика, көркем аударма салаларын биік белеске көтерген қаламгер. Балалар мен мектеп мұғалімдеріне арнап жазған оқулықтары мен оқу-әдістемік құралдары күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Жүсіпбектің комплекспен оқыту туралы еңбегі қазіргі таңда барлық оқулықтарда

сабақты пәнішілік, пәнаралық байланыспен оқытуда дәстүрлі түрде жалғасын табуда. «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» еңбектері зат пен қимыл, жан мен рух, тәрбие мен амал, адамның жан дүниесіндегі түрлі сезім күйлері туралы түркі халықтарының ішінде алғаш рет толыққанды мағлұмат беруімен ерекшеленеді. Ол – жан жүйесі ғылымына *жан тамырышысы* (психолог), *күйгелек* (нервный), *аяныш жанды* (сентиментальный), *ыстық қанды* (сангвинк), *салқын қанды* (плегматик), *қызбалы* (холерик), *құмартпалы* (страстный) және басқа көптеген жаңа терминдер енгізген ғалым. Осындай еңбектеріне қарап, Жүсіпбектің өз замандастары тәрізді бірнеше ғылым саласында өнімді еңбек еткенін баса айтуға болады.

Әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. / Пьесалар, өлеңдер. Т.1. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
2. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. / Романдар. Т.2. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
3. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. / Тәрбиеге жетекші, Жаңа ауыл (оқу құралдары). Т.5. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
4. Байғалиев Б. Жүсіпбек Аймауытов // Жұлдыз. – 1989. – №6. – 178 б.
5. Берсигурова Ч. Поэзия және ақ өлең дәстүрі // М.Әуезов және әлем әдебиеті: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2014. – 415 б.
6. Biray N. Ahmet Baytursinuli şiirleri üzerinde dil ve üslup incelemesi. 2011. – 446 б.
7. Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhayirov, Kulsun Abdrakhmanova. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. <https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16>.
8. Edward Alworth. Central Asia a Century of Russian Rule. – NY. – Columbia University: New York, 1967. – p. 236-389.
9. Жақан Д. Алаш қайраткерлерінің ұлттық фольклор жайындағы ой-пікірлері // Керуен. – №4, 81 vol, 2023. – Б.105-118. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-08>
10. Жарықбаев Қ. Жүсіпбек Аймауытовтың психологиялық еңбектері хақында. Кіт.: Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. / Психология, Жан жүйесі мен өнер таңдау. Т.4. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.
11. Исмакова А. Казахская художественная проза: Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.
12. Қирабаев С. Әдебиеттің ақтаңдақ беттері. – Алматы: «Білім», 1995. – 288 б.
13. Құндақбаев Б. Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері. Кіт.: Жүсіпбек Аймауытов. Шернияз: Пьесалар жинағы / Құраст. Б.Құндақбаев. – Алматы: Өнер, 1990. – 164 б.
14. Мекебаева Л. Жүсіпбек Аймауытұлы прозасының поэтикасы: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 169 б.
15. Мұратқызы А., Мұқан А., Тәшімова М. 1946-1960 жылдардағы қазақ драматургиясы (Ө.Тәжібаев пен Ф.Мұстафин пьесалары негізінде) // Керуен. – №4, 81 vol, 2023. – Б. 295-305. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-24>

References:

1. Aimaurov Zh. (2013) A collection of works in six volumes. / Plays, poems. T.1. – Almaty: «El-shezhire». – 384 p. (in Kaz)
2. Aimaurov Zh. (2013) A collection of works in six volumes. / Novels. T.2. – Almaty: «El-shezhire». – 384 p. (in Kaz)
3. Aimaurov Zh. (2013) A collection of works in six volumes. / Education leader, Zhana Ayl (educational materials). T.5. – Almaty: «El-shezhire». – 384 p. (in Kaz)

4. Baigaliev B. (1989) Yusupbek Aimaurov // Zhulduz. – N. 6. – 178 p. (in Kaz)
5. Bersigurova Ch. (2014) Poetry and the tradition of white verse // M. Auezov and world literature: Proceedings of the international scientific-theoretical conference. – Almaty. – 415 p. (in Kaz)
6. Biray N. (2011) Ahmet Baytursinulu. Analysis of language and style on the poems of. – 446 p. (in Turk)
7. Gulzhakhan Orda, Zhansulu Sarsenbayeva, Bibigul Sultanova, Nurmukhamed Abilkhayirov, Kulsun Abdrakhmanova. Artistic transformation of the female image in kazakh literature // Author, P. (2021). Mankind Quarterly, 61(3)16, 653-668. <https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16>. (in Eng)
8. Edward Alworth. (1967) Central Asia a Century of Russian Rule. – N Y. – Columbia University: New York. – P. 236-389. (in Eng)
9. Kirabaev S. (1995) White pages of literature. – Almaty: «Bilim». – 288 p. (in Kaz)
10. Kundakbayev B. (1990) Zhusupbek Aimaurov and theater art. Publisher: Yusupbek Aimaurov. Sherniyaz: Collection of plays / Compilation. B. Kundakbaev. – Almaty: Art. – 164 p. (in Kaz)
11. Zharikbaev K. (2013) About the psychological works of Zhusupbek Aimaurov. Book: Aimaurov Zh. A collection of works in six volumes. Novels. T.4. – Almaty: «El-Shezhire» Publishing House. – 384 p. (in Kaz)
12. Mekebaeva L. (2022) Poetics of the prose of Zhusipbek Aimaurov: monograph. – Almaty: Kazakh University. – 169 p. (in Kaz)
13. Ismakova A. (1998) Kazakh artistic prose: Poetics, genre, style (early 20th century and contemporary). – Almaty: Science. – 394 p. (in Russ)
14. Muratkuzi A., Mukan A., Tashimova M. Kazakh drama in 1946-1960 (based on the plays of A. Tazhibayev and G. Mustafin) // Keruen. – N. 4, 81 vol, 2023. – P. 295-305. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-24> (in Kaz)
15. Jahan D. (2023) Thoughts of Alash figures on national folklore // Keruen. – N. 4, 81 vol. – P.105-118. doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-08 (in Kaz)